

**«Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі**

25.09.2024ж.

Тасты ауылы

**Бракераждық комиссиясының тамақтану сапасын мерзімдік бағалау  
мақсатында мектеп асханаларын тексерудің  
АКТІСІ**

Осы АКТ Білім беру ұйымындағы бракераждық комиссия жұмысы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы негізінде жасалды.

Біз, төмендегі құрамдағы бракераждық (мониторингтік) комиссия мүшелері: Комиссия төрағасы-Б.Мырзабеков, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –А.Қазақбаев, қамқоршылық кеңес төрайымы – А.Күресбаева, әлеуметтік педагог – А.Мамшетова, ата-ана – Г.Ижанова, медбике –А.Қаскабай ,бастауыш сынып мұғалімі-Н.Жарасбаева **мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін тексеру мақсатында осы АКТіні жасадық.**

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 224 оқушыны құрады. Оның ішінде 1-4-сынып бойынша 175 бала,5-8- сынып аралығы бойынша аз қамтылған отбасынан шыққан балалар саны 49.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірдең сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі.








Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 4 уақытта ұйымдастырылды.

**Бракераждық комиссия жасалынған тексеріс және АКТ негізінде төмендегідей ұсынымдарды ұсынады:**

1. Білім алушылардың бір реттік тамақтандырумен қамтылуы кезінде мектеп әкімшілігі арасында кезекшілік ұйымдастырылсын.

2. Білім алушылар мен ата-аналардан ұсыныстар мен шағымдар келіп түскен жағдайда бракераждық комиссия назарына ұсынылсын.

Бракераждық комиссия мүшелері:

- |                |   |   |
|----------------|---|---|
| 1.Б.Мырзабеков |  | Мектеп директоры, ком. төрағасы         |
| 2.А.Қазақбаев  |  | МДТЖО, мүшесі                           |
| 3.Г.Ижанова    |  | Ата-аналар комитетінің төрайымы, мүшесі |
| 4.А.Мамшетова  |  | Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі     |
| 5.Н.Жарасбаева |  | Бастауыш сынып мұғалімі, ком. мүшесі    |
| 6.А.Қасқабай   |  | Мектеп медбикесі, мүшесі                |
| 7.А.Күресбаева |  | камқоршылық кеңес төрайымы, мүшесі      |